

Қазақстан Республикасында инфляциялық үдерістерді реттеу жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 370-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 31 наурыздағы N 74-ө Өкімімен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008.03.31 N 74-ө Өкімімен.

Инфляцияға қарсы кешенді саясатты әзірлеу және іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында инфляциялық үдерістерді реттеу жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі жарты жылдың қорытындылары бойынша жылына екі рет 20 шілдеге және 20 қаңтарға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне Жоспардың іске асырылуы туралы есеп берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жарты жылдың қорытындылары бойынша жылына екі рет 30 шілдеге және 30 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 3 7 0 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында инфляциялық үдерістерді реттеу жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасындағы инфляциялық үдерістердің мониторингін жүргізу және инфляцияның себептеріне талдау жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰБ (жинақтау), ЭБЖМ, ИСМ, АШМ	2007-2008 жылдар 30 шілдеге, 2008-2009

				жылдар 30 қаңтарға
2.	Экономикалық өсудің болжамды қарқынын ескере отырып, инфляцияның болжамды өлшемдерін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰБ	2008-2009 жылдар 30 қаңтарға
3.	Жалпы ішкі өнімнің нақты және номиналды өзгерісінің қарқынын ескере отырып, инфляцияның берілген өлшемдеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін ақша агрегаттары өсімінің оңтайлы қарқынын айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰБ	2008-2009 жылдар 30 қаңтарға
4.	Табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлары мен қызметтерінің бағалары (тарифтері) шекті өсуінің Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының құрамында жоспарланып отырған орта мерзімді кезеңге арналған индексін анықтау	ЭБЖМ-ге ақпарат	ТМРА	2008-2009 жылдар 10 мамырға, 10 шілдеге
5.	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме (коммуналдық) нарықтарын ұйымдастыру	АШМ-ге ақпарат	ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007-2008 жылдар 10 шілдеге, 2008-2009 жылдар 10 қаңтарға
6.	Сауда инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесу	ИСМ-ге ақпарат	А Ш М, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007-2008 жылдар 10 шілдеге, 2008-2009 жылдар 10 қаңтарға
7.	Баға жөнінде сөз байласудың жолын кесу, теріс пиғылды бәсекелестікті, нарық субъектілерінің өздерінің үстем жағдайын асыра пайдаланушылығын айқындау және оның жолын кесу жөніндегі, Белгілі бір тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ұйымдардың баға түзу тәртібін бақылау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ	2007-2008 жылдар 30 шілдеге, 2008-2009 жылдар 30 қаңтарға
8.	Ішкі нарықтағы стратегиялық маңызды тауарлардың (мұнай, мұнай өнімдері, астық) тауарлық теңгерімінің мониторингін жүргізу және ішкі нарықтың молығуын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), АШМ	2007-2008 жылдар 30 шілдеге
9.	Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алудың тиімді жүйесін әзірлеу		АШМ (жинақтау), облыстардың,	2007 жыл 30 шілдеге

		Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана және Алматы қалаларының әкімдері	
10.	Шектес мемлекеттердің жеміс-жидек өнімдерін жеткізуді әртараптандыру	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007-2008 жылдар 10 сәуірге, 10 шілдеге, 10 қазанға, 2008-2009 жылдар 10 қаңтарға
11.	Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде көтерме нарықтардағы бағалар айқындығын және оларды өңірлердегі халықтың қолы жететін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету	МММ-ге ақпарат	А Ш М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007-2008 жылдар 10 сәуірге, 10 шілдеге, 10 қазанға, 2008-2009 жылдар 10 қаңтарға
12.	Республиканың жергілікті атқарушы органдарының қызметін рейтингтік бағалау жүйесінде инфляцияны ұстап тұру бөлігінде жүргізілетін жұмыс бойынша өңірлерді бағалауды енгізу және жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008-2009 жылдар 30 қаңтарға
13.	Бағалы қағаздар нарығын дамыту саласында және екінші деңгейдегі банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, жеке және заңды тұлғалардың капиталын салудың жаңа құралдарын жасауда ұсыныстар әзірлеу	ҚҚА-ға ақпарат	ҰБ, ЭБЖМ, Қаржымині	2008-2009 жылдар 10 қаңтарға
14.	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жанар-жағармай материалдарының және көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің шығымдылығымен сапасын арттыруға қажетті басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу	АШМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007-2008 10 шілдеге, 2008-2009 жылдар 10 қаңтарға
15.	Өнім өндірушілер (импорттаушылар) мен тұтынушылар арасындағы делдалдар санын қысқарту жөнінде қажетті шаралар қабылдау	ИСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2007-2008 жылдар 10 сәуірге, 10 шілдеге, 10 қазанға, 2008-2009

				жылдар 10 қаңтарға
16.	Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтік сметалардың орындалуы туралы есептерді қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ТМРА	2007-2008 жылдар 30 шілдеге, 10 қазанға, 2008-2009 жылдар 30 қаңтарға

Ескертпе : аббревиатуралардың толық жазылуы

ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
м и н и с т р л і г і

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
м и н и с т р л і г і

МAM - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу
және қадағалау агенттігі